

**М.Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан университеті**
ғылыми кеңесінің
№9 ХАТТАМАСЫ
29 мамыр 2026 ж.

**Западно-Казахстанский
университет им. М.Утемисова**
заседание ученого совета
ПРОТОКОЛ №9
29 мая 2026 г.

Өткен орны: 205-мәжіліс залы

Кеңес төрағасы – Н.Х.Серғалиев

Ғылыми хатшы - А.С. Ниетова

Қатысқандар: ғылыми кеңестің 21 мүшесі

Қатыспағандар: жоқ

Шақырылғандар: бөлім жетекшілері, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, кафедра меңгерушілері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Университеттің академиялық жұмысын жоспарлау мен ұйымдастырудың тиімділігі туралы. *Г.С.Қайсағалиева - академиялық мәселелер бойынша проректор*
2. 2026-2027 оқу жылына оқу құжаттарын бекіту туралы. *С.А.Қажиахметов - академиялық қызмет департаменті директорының м.а.*
3. Университеттегі әлеуметтік мониторинг нәтижелері туралы. *Д.Б.Абулкасова - әлеуметтік зерттеулер орталығының жетекшісі*
4. Ағымдағы мәселелер
 - 4.1. Философия докторы (PhD) С.С.Бакиевтің «Антибактериальная эффективность эндолизинов бактериофагов против бактерий с множественной лекарственной устойчивостью» атты монографиясын баспаға ұсыну туралы. *А.С. Ниетова – ғылыми хатшы*
 - 4.2. «D080 - Биология» білім беру бағдарламасы тобына докторантураға оқуға түсу емтиханының бағдарламасын бекіту туралы. *А.А. Тұрғымбаев – жаратылыстану-география факультетінің деканы*
 - 4.3. 7M01509 «Биология» білім беру бағдарламасы 1-курс магистранттарының магистрлік диссертацияларының тақырыбына өзгеріс енгізу туралы. *А.А. Тұрғымбаев – жаратылыстану-география факультетінің деканы*
 - 4.4. Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу мен жаңарту туралы. *Б.Ж.Джангазиева - білім беру бағдарламалары жобалық кеңесінің жетекшісі*
 - 4.5. 6B01103 «Психология» (IP) білім беру бағдарламасының 1-курс студенті А.В. Конопельконың оқу ақысына жеңілдік беру туралы. *Г.А. Ерғалиева – педагогика факультетінің деканы*
 - 4.6. 6B01402 «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті А.Е. Бержановтың жазғы семестр пәнде-

рін тегін тапсыруы туралы. Г.А. Ергалиева – педагогика факультетінің деканы

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С.Қайсағалиеваның университеттің академиялық жұмысын жоспарлау мен ұйымдастырудың тиімділігі туралы есебі тыңдалды (есеп мәтіні тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев «Атамекен» ҰКП рейтингін толтыруға жауапты тұлғалардың өз міндетіне жауапкершілікпен қарауы керектігін атап көрсетіп, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтары үшін жоспарланған 13 қосымша білім беру бағдарламасының орындалмағаны мен сараптамадан өтпегендерінің тізімін беруді ескертіп, мұны жауапсыздықтан болған нәрсе деп ойлайтынын айта келе, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректорға интегралды GRA-ны дайындауға қазірден бастап мұқият қарап факультет декандарымен ақылдасып, барлық тәуекелдерді ескере отырып жасауды тапсырып, кеңес мүшелерінің басқалай алып-қосары болмаса, қаулы жобасын дауысқа салуды ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері қаулы жобасын дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

1. Университеттің академиялық қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруда жүргізілген жұмыс қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мен ғылым саласындағы заңнамалық түзетулерді іске асыру мақсатында ішкі нормативтік құжаттар мен үрдістер уақытылы өзектендірілсін.
Жауапты: академиялық қызмет департаментінің, стратегиялық даму және инновация департаментінің директорлары, маркетинг және кәсіптік бағдар орталығының, сапа және аккредиттеу бөлімінің жетекшілері
Мерзімі: оқу жылы бойына, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы уәкілетті органның НҚА өзгергенде
Аяқталу түрі: бекітілген ішкі нормативтік құжаттар
3. Еңбек нарығының талаптарына және кадрларға қажеттіліктің өңірлік картасына сәйкес білім беру бағдарламаларын одан әрі жаңғырту жұмысы жалғастырылсын.
Жауапты: БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, академиялық қызмет департаментінің директоры, БББ жобалық кеңсесінің жетекшісі
Мерзімі: 10 тамыз 2026 жыл
Аяқталу түрі: жаңа, жаңартылған БББ
4. Білім беру бағдарламаларының жетекшілері микробіліктілік бағдарламаларын әзірлеп, оларды кейіннен Жоғары білімді дамытудың ұлттық орталығының тізіліміне енгізісін.

Жауапты: БББ жобалық кеңсесінің жетекшісі, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері

Мерзімі: 28 тамыз 2026 жыл

Аяқталу түрі: бекітілген микробіліктілік бағдарламалары, Тізілімдегі тізім

5. «Атамекен» ҰКП жүргізетін білім беру бағдарламалары рейтингіндегі позицияларды жақсарту мақсатында 2026–2027 оқу жылының бірінші жарты жылдығында әрбір білім беру бағдарламасында шығыс академиялық ұтқырлық (алыс шетел) жоспарлансын.

Жауапты: халықаралық қатынастар және көптілділік бөлімінің жетекшісі, сапа және аккредиттеу бөлімінің жетекшісі, декандар, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері

Мерзімі: 20 маусым 2026 жыл

Аяқталу түрі: БББ бойынша бекітілген білім алушылардың, серіктес ЖОО-ның тізімі

6. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтарына, сондай-ақ университеттің және басқа да жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамына арналған қосымша білім беру бағдарламалары мен біліктілік арттыру курстары әзірленіп, іске асырылсын.

Жауапты: декандар, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, стратегиялық даму және инновация департаментінің директоры, құзыреттілік орталығының жетекшісі

Мерзімі: қыркүйек-желтоқсан 2026 жыл

Аяқталу түрі: ҚР Оқу-ағарту, ҚР ҒЖБМ педагогтары үшін бекітілген бағдарламалар және біліктілік арттыру курстары, курстарға қабылдау туралы бұйрық

7. Әр факультеттен Coursera халықаралық платформасына енгізу үшін кемінде бір курстың болуы қамтамасыз етілсін.

Жауапты: факультет декандары, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, қашықтықтан және онлайн оқыту орталығының жетекшісі, стратегиялық даму және инновация департаментінің директоры

Мерзімі: қыркүйек 2026 жыл, наурыз 2027 жыл

Аяқталу түрі: бекітілген курстар тізімі, Coursera халықаралық платформасына енгізу

8. Түлектер қауымдастығының жұмысы жаңғыртылсын (түлектермен жұмысты жүйелеу; түлектердің іс-шараларға, менторлыққа, демеушілікке және серіктестікке қатысуын арттыру; тұрақты коммуникациялар мен цифрлық инфрақұрылым құру). Түлектердің цифрлық базасы кеңейтілсін.

Жауапты: мансап және жұмысқа орналастыру орталығының жетекшісі, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері

Мерзімі: қыркүйек 2026 жыл

Аяқталу түрі: бекітілген жоспар, бағдарламалар, түлектердің цифрлық базасы

9. Білім беру бағдарламаларының жетекшілері 2025–2026 оқу жылының бітіруші курс білім алушыларының диплом жұмыстарын/жобаларын, магистрлік диссертацияларын/жобаларын орындау нәтижесінде оқу-әдістемелік басылымдарға авторлық куәліктер алуын қамтамасыз етсін.
Жауапты: БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, стратегиялық даму және инновация департаментінің директоры
Мерзімі: 20 маусым 2026 жыл
Аяқталу түрі: алынған авторлық куәліктер

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша академиялық қызмет департаменті директорының м.а. С.А.Қажиахметов ғылыми кеңес мүшелерін 2026-2027 оқу жылына арналған М.Өтемісов атындағы БҚУ профессор-оқытушылар құрамы педагогикалық жүктемесінің нормасы және оқу үрдісінің кестесімен таныстырып, олардың факультеттерде талданып, тиісті бөлім жетекшілерімен келісіле отырып жасалғанына тоқтала келе, аталған құжаттарды бекітуді сұрады (құжаттар тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С. Қайсағалиева аталған мәселенің академиялық кеңесте қаралғанын, факультет декандарынан кейбір ұсыныстар түскенін, ол ұсыныстардың қабылдау нәтижесіне қарай қаралатынына тоқталды.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев кеңес мүшелерінің басқалай алып-қосары болмаса, 2026-2027 оқу жылына арналған М.Өтемісов атындағы БҚУ профессор-оқытушылар құрамы педагогикалық жүктемесінің нормасы және оқу үрдісінің кестесін бекітуді дауысқа салуды ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері өздерінің аталған құжаттармен алдын ала танысқандарын айтып, ұсынысты дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

1. 2026-2027 оқу жылына арналған профессор-оқытушылар құрамы педагогикалық жүктемесінің нормасы бекітілсін.
2. 2026-2027 оқу жылына арналған оқу үрдісінің кестесі бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әлеуметтік зерттеулер орталығының жетекшісі Д.Б. Абукасованың университеттегі әлеуметтік мониторинг нәтижелері туралы ақпараты тыңдалды (ақпарат мәтіні тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев сауалнама нәтижесінде білім алушылардың микро біліктілік жайлы жауаптарынан олардың ЖИ саласында және тіл үйренуді қалайтындары байқалғандарын, жүргізілген сауалнамалардың нәтижесі факультеттерде студенттер мен магистранттарға ұдайы айтылуы керектігін, ЖИ мен Coursera халықаралық платформасы курстарын да студенттер-

ге әрдайым таныстырып отыруды, сондай-ақ қызметкерлердің студенттермен қарым-қатынасының да ерекше назар аудартатынын, сондықтан осы мәселені баса назарда ұстауды және орталық жетекшісіне барлық сауалнамалардың қорытындысын факультеттерге таратуды тапсырып, ақпаратты негізге алуды ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Ақпарат негізге алынсын.

Ағымдағы мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова ғылыми кеңес мүшелерін философия докторы (PhD) С.С.Бакиевтің ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «Жер үсті және жер асты суларының экожүйелерінде антибиотикрезистентті шартты-патогенді бактериялардың таралуын бағалау» тақырыбындағы «Жас ғалым» ғылыми зерттеу жобасының аясында дайындалған «Антибактериальная эффективность эндолизинов бактериофагов против бактерий с множественной лекарственной устойчивостью» атты монографиясын баспаға ұсыну туралы кеңес төрағасының атына келіп түскен өтінішімен таныстырып, құжаттарының талапқа сай ресімделгеніне, сарапшылар комиссиясының оң қорытындысы берілгеніне тоқтала отырып, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев – ғылыми зерттеу жобасы аяқталды ма?

Философия докторы (PhD) С.С.Бакиев – ғылыми зерттеу жобасы мерзімі келесі жылы аяқталады.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Философия докторы (PhD) С.С.Бакиевтің «Антибактериальная эффективность эндолизинов бактериофагов против бактерий с множественной лекарственной устойчивостью» атты монографиясы баспаға ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Жаратылыстану-география факультетінің деканы А.А. Тұрғымбаев ғылыми кеңес мүшелерін 2026-2027 оқу жылына, 8Д05101 Биология, 8Д05102 Биология жаңа білім беру бағдарламаларының ашылуына байланысты, D080 - Биология білім беру бағдарламасы тобына докторантураға оқуға түсу емтиханының бағдарламасымен таныстырып, оның факультетте қаралғанына тоқтала келе бекітуді сұрады (бағдарлама тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері өздерінің аталған бағдарламамен алдын ала танысқандарын айтып, ұсынысты дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

«D080 - Биология» білім беру бағдарламасы тобына докторантураға оқуға түсу емтиханының бағдарламасы бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Жаратылыстану-география факультетінің деканы А.А. Тұрғымбаев ғылыми кеңес мүшелерінен 24.10.2025 жылы 1-курс магистранттарының магистрлік диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін тағайындау туралы № 6-01-43 бұйрыққа сәйкес 7M01509 Биология БББ 1-курс магистранттары А.Қ. Косымбетова, Ә.Н. Жарасова, С.М. Ихсанова, А.Ғ.Латифовалардың магистрлік диссертацияларының тақырыбына зерттеу нысанын нақтылау және әдістемелік бағыттылығын күшейту мақсатында өзгеріс енгізуге рұқсат беруді сұрады (негіздемесі тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С. Қайсағалиева аталған магистранттардың барлығының диссертацияларының тақырыбы оқу үрдісінде жасанды интеллекті қолданумен байланысты болғандықтан, бір-бірін қайталамау үшін қай сыныпта және қандай платформаларды қолданатыны нақтыланғанын айта келе ұсынысты қолдайтынын білдірді.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

7M01509 «Биология» білім беру бағдарламасының төмендегі 1-курс магистранттарының магистрлік диссертацияларының тақырыбына өзгеріс енгізілсін:

1. А.Қ.Косымбетованың магистрлік диссертациясының тақырыбы «8-сыныптағы биология курсында оқушылардың оқу ынтасын арттыруға геймификация және жасанды интеллект құралдарының әсері (мысалы, Quizizz, Kahoot т.б.)» деп өзгертілсін.
2. Ә.Н. Жарасованың магистрлік диссертациясының тақырыбы «Жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы 9-сынып биология курсында экологиялық және генетикалық деректерді талдау негізінде оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту» деп өзгертілсін.
3. С.М. Ихсанованың магистрлік диссертациясының тақырыбы «Күрделі тақырыптарды аналогиялық түсіндіруде үлкен тілдік модельдерді (ChatGPT, Claude AI, Gemini, DeepSeek) пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері» деп өзгертілсін.
4. А.Ғ. Латифованың магистрлік диссертациясының тақырыбы «Цифрлық құралдар және AI технологиялары арқылы 8-сынып оқушыларының биология пәніне қызығушылығы мен оқу белсенділігін арттыру» деп өзгертілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Білім беру бағдарламалары жобалық кеңсесінің жетекшісі Б.Ж.Джангазиева ғылыми кеңес мүшелерінен Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін-

гі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына өзгерістер енгізілуіне, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, аккредиттеу агенттіктері, стейкхолдерлердің ұсыныстарына байланысты Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы білім беру бағдарламаларының тізіліміндегі 88 білім беру бағдарламасын жаңартуға; 6B11106 Digital-туризм, 6B02131 Музыкалық-цифрлық технологиялар, 6B06104 Компьютерлік технологиялар және жасанды интеллект, 7M05208 Экология және табиғатты пайдалану, 6B03109 Әлеуметтану-HR, 6B01725 Қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, 6B01726 Орыс тілі, ағылшын тілі, әлем әдебиеті, 6B01521 Химия-Биология, 6B01523 География-Тарих білім беру бағдарламаларын тізілімге енгізуді және қолданыстағы 7M01504 «Физика» серіктес жоғары оқу орны: Орынбор мемлекеттік университеті (Орынбор қ., Ресей Федерациясы) мен 6B01714 Шетел тілдері (IP) серіктес жоғары оқу орны: Ардахан университеті (Түркия Республикасы) білім беру бағдарламаларына шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламасы мәртебесін беруді мақұлдап, бекіту үшін басқарманың қарауына жіберуге рұқсат беруді сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері аталған білім беру бағдарламаларының тізімімен алдын ала танысқандарын айтып, ұсынысты дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

1. Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының тізілімінде төмендегі 88 білім беру бағдарламасын жаңарту жөніндегі мәселе мақұлданып, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберілсін:
 1. 6B01103 Психология (IP)
 2. 6B01203 Мектепке дейінгі білім беру (IP)
 3. 6B01303 Бастауыш білім беру (IP)
 4. 6B01408 Бастапқы әскери және дене шынықтыру дайындығы
 5. 6B01409 Дене шынықтыру және спорт (IP)
 6. 6B01410 Дене шынықтыру, бейімдік дене шынықтыру және спорт
 7. 6B01413 Музыкалық білім (IP)
 8. 6B01414 Еңбекке баулу және кәсіпкерлік негіздері (IP)
 9. 6B01412 Көркем білім (IP)
 10. 6B01520 Математика (IP)
 11. 6B01536 Физика (IP)
 12. 6B01518 Информатика және робототехника
 13. 6B01517 Информатика (IP)
 14. 6B01534 Химия (IP)
 15. 6B01532 Биология-Психология
 16. 6B01533 Биология (IP)
 17. 6B01535 Жаратылыстану (IP)
 18. 6B01522 Биология-География
 19. 6B01519 География (IP)
 20. 6B01601 Тарих
 21. 6B01602 Тарих-қоғамтану (IP)

- 22.6B01715 Қазақ тілі мен әдебиеті (IP)
- 23.6B01716 Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (IP)
- 24.6B01713 Ағылшын тілі (IP)
- 25.6B01714 Шетел тілдері (IP)
- 26.6B01802 Әлеуметтік педагогика және педагог-ассистент
- 27.6B01803 Әлеуметтік педагогика (IP)
- 28.6B02129 Аспаптық орындау
- 29.6B02102 Вокалдық өнер
- 30.6B02125 Дәстүрлі-музыкалық өнер
- 31.6B02104 Режиссура
- 32.6B02126 Актерлік өнер
- 33.6B02105 Хореография
- 34.6B02130 Art dance педагогы
- 35.6B02123 Сән және костюм дизайны
- 36.6B02124 Интерьер дизайны
- 37.6B02127 Графикалық дизайн
- 38.6B02128 Art-декор. Қолөнер
- 39.6B02202 Тарих, мұрағат ісі және мұражайтану
- 40.6B02301 Филология: қазақ филологиясы
- 41.6B02302 Филология: орыс филологиясы
- 42.6B02304 Филология: қазақ тілі және түрік тілі
- 43.6B03101 Әлеуметтану
- 44.6B03106 Аймақтану
- 45.6B03105 Психология
- 46.6B03102 Халықаралық қатынастар
- 47.6B03201 Кітапхана ісі
- 48.6B03207 Кітапханалық-педагогикалық қызмет
- 49.6B04108 Экономика және менеджмент
- 50.6B04111 Есеп және аудит
- 51.6B04105 Қаржы
- 52.6B04114 Маркетинг және бизнес
- 53.6B04202 Құқықтану
- 54.6B04203 Құқық қорғау қызметі
- 55.6B04204 Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу
- 56.6B05201 Экология
- 57.6B05204 География
- 58.6B05301 Химия
- 59.6B06103 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
- 60.6B11102 Мәдени-тынығу жұмысы
- 61.7M01109 Педагогика және психология
- 62.7M01108 Педагогика және психология (Әлеуметтік педагогика РФ)
- 63.7M01307 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
- 64.7M01402 Дене шынықтыру және спорт
- 65.7M01404 Музыкалық білім
- 66.7M01501 Математика

- 67.7M01504 Физика
 - 68.7M01535 Информатика
 - 69.7M01507 Химия
 - 70.7M01509 Биология
 - 71.7M01537 Биология (Ресей Федерациясының жалпы және кәсіптік білім беру жүйесіндегі Биология және экология)
 - 72.7M01510 География
 - 73.7M01601 Тарих
 - 74.7M01701 Қазақ тілі мен әдебиеті
 - 75.7M01703 Орыс тілі мен әдебиеті
 - 76.7M01704 Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
 - 77.7M01705 Шет тілі: екі шет тілі
 - 78.7M01709 Шетел тілі: екі шет тілі (1,5)
 - 79.7M02101 Дизайн
 - 80.7M02201 Тарих
 - 81.7M02301 Филология: қазақ филологиясы
 - 82.7M03102 Халықаралық қатынастар
 - 83.7M03104 Психология
 - 84.7M04101 Экономика
 - 85.7M04106 Мемлекеттік және жергілікті басқару
 - 86.7M04103 Менеджмент
 - 87.7M05101 Биология
 - 88.7M11102 Мәдени-тынығу жұмысы
2. Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының тізіліміне төмендегі жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу жөніндегі мәселе мақұлданып, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберілсін:
- 1. 6B11106 Digital-туризм
 - 2. 6B02131 Музыкалық-цифрлық технологиялар
 - 3. 6B06104 Компьютерлік технологиялар және жасанды интеллект
 - 4. 7M05208 Экология және табиғатты пайдалану
 - 5. 6B03109 Әлеуметтану-HR
 - 6. 6B01725 Қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі
 - 7. 6B01726 Орыс тілі, ағылшын тілі, әлем әдебиеті
 - 8. 6B01521 Химия-Биология
 - 9. 6B01523 География-История
3. Қолданыстағы білім беру бағдарламаларына шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламасы мәртебесін беру жөніндегі мәселе мақұлданып, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберілсін:
- 1. 7M01504 «Физика» серіктес жоғары оқу орны: Орынбор мемлекеттік университеті (Орынбор қ., Ресей Федерациясы);
 - 2. 6B01714 Шетел тілдері (IP) серіктес жоғары оқу орны: Ардахан университеті (Түркия Республикасы).

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогика факультетінің деканы Г.А. Ерғалиева ғылыми кеңес мүшелерінен 6B01103 «Психология» (IP) білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Конопелько Анна Владимировнаның отбасы жағдайының төмендігі мен жетімдігіне байланысты оқу ақысын төлеу қиын болуы себепті оқу ақысына жеңілдік беру туралы басқарма төрағасы-ректордың атына өтініші түскенін айтып, отбасы жағдайының нашарлығы мен жетімдігін ескеріп аталған студенттің оқу ақысына жеңілдік беруге рұқсат сұрады (құжаттары тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері аталған студенттің құжаттарымен алдын-ала танысқандарын айтып, оның оқу ақысына жеңілдік беру жөніндегі мәселені мақұлдап, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберуді ұсынып, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

6B01103 «Психология» (IP) білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Конопелько Анна Владимировнаның оқу ақысына жеңілдік беру жөніндегі мәселе мақұлданып, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Педагогика факультетінің деканы Г.А. Ерғалиева ғылыми кеңес мүшелерінен B01402 «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Бержанов Адилет Ержановичтің отбасы жағдайының төмендігі мен жетімдігіне байланысты жазғы семестрдің ақысын төлеу қиын болуы себепті жазғы семестр пәндерін тегін тапсыруды сұрап басқарма төрағасы-ректордың атына өтініші түскенін айтып, отбасы жағдайының нашарлығы мен жетімдігін ескеріп аталған студентке жазғы семестр пәндерін тегін тапсыруға рұқсат беруді сұрады (құжаттары тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері аталған студенттің құжаттарымен алдын-ала танысқандарын айтып, оның жазғы семестр пәндерін тегін тапсыруы жөніндегі мәселені мақұлдап, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберуді ұсынып, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

B01402 «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарлама-сының 3-курс студенті Бержанов Адилет Ержановичтің жазғы семестр пәндерін тегін тапсыруы жөніндегі мәселе мақұлданып, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберілсін.

Кеңес төрағасы:



Н.Х.Серғалиев

Ғылыми хатшы:



А.С.Ниетова

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кеңесінің
2025 – 2026 оқу жылындағы**

қатысу парағы

29.05.2026 ж.

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қатысуы
1.	Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы	басқарма төрағасы-ректор	
2.	Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы	тарих ғылымдарының докторы, академик	
3.	Қайсағалиева Гүлжахан Смайылқызы	академиялық мәселелер бойынша проректор	
4.	Ахмеденов Қажымұрат Мақсотұлы	ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор	
5.	Сүлейменов Мерген Қуанышұлы	ТЖ және ӘМ жөніндегі проректор	
6.	Бекжанова Жадыра Мұратқызы	БҚО білім басқармасы мектеп бөлімінің басшысы	
7.	Хусаинов Мерғали Серғазыұлы	ардагерлер кеңесінің төрағасы	
8.	Ниетова Айгүл Серікқызы	ғылыми хатшы	
9.	Қажиахметов Салауат Абайұлы	кәсіподақ ұйымының төрағасы	
10.	Есенғалиева Алмагүл Нәсіпқалиқызы	физика-математика факультеті деканының м.а.	
11.	Тұрғымбаев Ақан Асқарұлы	жаратылыстану-география факультетінің деканы	
12.	Ерғалиева Гүлжан Алғазықызы	педагогика факультетінің деканы	
13.	Қажымова Қарлығаш Рахымқызы	мәдениет және өнер факультетінің деканы	
14.	Ақболатов Айдарбек Ахметұлы	филология факультетінің деканы	
15.	Испулова Роза Нәбиқызы	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент	
16.	Искакова Балым Габбасқызы	экономика ғылымдарының кандидаты, доцент	
17.	Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы	педагогика ғылымдарының докторы, профессор	
18.	Кульжумиева Айман Амангелдіқызы	физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)	
19.	Сагидуллаев Дарын Зайнуллаұлы	БҚУ жас ғалымдар кеңесінің төрағасы	
20.	Ибатова Айнара Айтқалиқызы	музыкалық білім беру бағдарламасы- ның 1-курс магистранты	
21.	Нұрболат Нұржол Ерланұлы	физика-математика факультетінің 3-курс студенті, студенттік ректор	